

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің Ефимовка ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Нежинка ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 ақпандағы № 26903 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ефимовка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 16 сәуіріндегі қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Нежинка ауылдық округінің Ефимовка ауылындағы келесі көшелер қайта аталсын:

Комсомольская көшесін Шоқан Уәлиханов көшесіне;

Советская көшесін Есіл көшесіне;

Грейдерная көшесін Абай көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нежинка ауылдық округінің әкімі*

*М. Дюселеков*